

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**2018-2019 оқу жылындағы**  
**№11 Академиялық комитет кеңесінің**  
**ҚАУЛЫЛАРЫ**

**Түркістан қаласы**

**20 тамыз 2019 жыл**

**Академиялық комитет кеңес мүшелері – 36**

**Қатысқандар: 25**

**Келмегендер: 11**

**Күн тәртібі:**

1.2019-2020 оқу жылында бітіруші курсқа көшірілетін білім алушылардың (бакалавриат, магистратура, PhD докторантура) курстан курсқа өтуі туралы *(Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ж.Ниязов)*.

2.2019-2020 оқу жылында басқа ЖОО-нан (бакалавриат, магистратура, PhD докторантура) бітіруші курсқа ауысып келетін білім алушылардың пән айырмасын белгілеу туралы *(Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ж.Ниязов)*.

3.2019 жылдың тамыз айындағы жасалынатын жұмыстардың басым бағыттарын талқылау *(Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Ө.Ү.Умбетов)*.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:**

**Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.1.**2019-2020 оқу жылы бітіруші курсқа көшірілетін білім алушылар (бакалавриат, магистратура, PhD докторантура) курстан курсқа өту ұпайы жетіп, академиялық қарызы 9 кредиттен аспаған жағдайда бітіруші курсқа өткізілсін және олардың академиялық қарыздары оқу жылының қысқы демалыс кезінде өтелсін :

**1.2.** Факультет декандары жаңа оқу жылының алғашқы күнінен пән қарыздарымен жұмыс жасап, білімгерлердің бітіруші курсқа пәннен қарызсыз өтуі қатаң қадағалансын *(Жауапты – Факультет декандары)*.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:**

**Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**2.** 2019-2020 оқу жылында басқа ЖОО-нан ауысып келетін білім алушыларға пән айырмасы 9 кредиттен аспаған жағдайда бітіруші курсқа ауысуға рұқсат берілсін және олардың академиялық қарыздары оқу жылының қысқы демалыс кезінде өтелсін *(Жауапты – Факультет декандары)*.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша:**

**Академиялық комитет кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**3.** 2019 жылдың тамыз айындағы жасалынатын жұмыстардың басым бағыттарына арналған ЖҰМЫС ГРАФИГІ назарға алынсын (*Жауапты – Факультет декандары*).

*Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.*

**Хатшы**

**Ж.И.Исаева**

